

4. The Best Biographies of Warren Harding. URL: <https://bestpresidentialbios.com/2015/10/29/the-best-biographies-of-warren-harding/> (дата обращения – 16.08.2019)
5. Mee, Charles L., Jr. The Ohio Gang. The World of Warren G. Harding. M.Evans and Company, Inc. – New York, 1981.
6. Warren G. Harding. Encyclopedia Britannica. URL: <https://www.britannica.com/biography/Warren-G-Harding> (дата обращения – 16.08.2019)
7. Motylev, Veniamin V. The US Presidents' Programmes. Warren Harding (1921 - 1923) and Calvin Coolidge (1923 - 1928)// Economic Parallels. – 2014. – P. 85-98.
8. Президент Уоррен Гардинг [Электронный ресурс]. URL: <https://ushistory.ru/populjarnaja-literatura/159-prezident-uorren-garding> (дата обращения 16.08.2019)
9. Warren G. Harding. URL: http://www.ohiohistorycentral.org/w/Warren_G._Harding (дата обращения 19.08.2019)
10. URL: <https://www.history.com/topics/us-presidents/warren-g-harding> (дата обращения 17.08.2019)
11. Biography. President Warren G. Harding. URL: <https://www.ducksters.com/biography/uspresidents/warrenharding.php> (дата обращения 17.08.2019)
12. Warren Harding. URL: <https://www.historycentral.com/Bio/presidents/harding.html> (дата обращения 19.08.2019)

ҒТАМР 332:574

**КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
АГРАРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ**

А. КАЛЫБАЕВА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы аграрлық өзгерістері, 20-жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстанда жер мәселесі қайтадан шиеленісуін және де осы мәселедегі кеңестік шараларға қатысты айтыс-тартыстарда ұлттық мүддені қорғаған қайраткерлердің іс-әрекеттері жайлы кең мәліметтер келтірілген. Бұл ретте 20-жылдардағы аграрлық мәселені ұлт мүддесі тұрғысында көтерген Т.Рысқұлов, Ә.Бөкейханов, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы, С.Сәдуақасов, М.Шоқай сынды қазақ зиялыларының

есімдерін атауға болады. Аталмыш қайраткерлер 20-жылдары басталған қазақ өлкесіндегі жер-су реформасы, егістік-шабындық жерлерді қайта бөліс мәселелеріне объективті баға беруге тырысты.

Түйін сөздер: аграрлық мәселе, жер-су реформалары, әміршіл-әкімшіл жүйе, Декрет, шаруалар.

Annotation. This article considers the exact details of agrarian changes in the first years of Soviet power, the complication of the land issue in Kazakhstan, as well as the actions of national leaders in an attempt to solve these problems. The names of Kazakh intellectuals, such as T. Ryskulov, A. Bukeichanov, N. Torekulov, T. Shonanuli, S. Saduakasov, M. Shokai, who raised the agrarian problem in the interests of the nation in the 20s. They tried to give an objective assessment of the reform of land and water resources in the Kazakhstan region, which began in the 1920s, and the redistribution of arable land.

Key words: agrarian question, land and water reforms, command-management system, Decree, peasants.

Аннотация. В данной статье рассматриваются точные детали аграрных перемены в первые годы советской власти, усложнение земельного вопроса в Казахстане, а также действия национальных лидеров в попытке решить эти проблемы. Здесь можно назвать имена казахстанских интеллектуалов, таких как Т. Рыскулов, А. Букейханов, Н. Торекулов, Т. Шонанулы, С. Садуакасов, М. Шокай, поднявших аграрную проблему в интересах нации в 20-е годы. Они пытались дать объективную оценку реформе земельно-водных ресурсов в казахстанском регионе, которая началась в 20-х годах, и перераспределению пахотных земель.

Ключевые слова: аграрный вопрос, земельно-водные реформы, командно-административная система, Декрет, крестьяне.

Тарихи-партиялық деп аталған ғылымда кеңестік ауыл шаруашылығы индустрияландырудың жетістіктеріне, жоғары техникаға негізделген жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтты деген концепция қалыптасты. Бірақ іс жүзінде кулактар мен байларды жою, отырықшылыққа көшіру және ұжымдастыру желеуімен шаруаларды қанау процесі жүргізілді. Шаруалар қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ азық-түлік отрядтары, дайындаушылар тарапынан тонауға ұшырай отырып, кеңес органдарының қуғындауы мен салықтарынан ылғи да қорқа отырып, елді, қала мен армияны асырады. Бұлардың барлығының нәтижесі ауыл шаруашылығының біртіндеп күйреуі, оның өнімдерінің төмендеуі, қазақ шаруаларының антикеңестік көтерілістері мен көшіп кетуі, аштық т.б. болды. Кеңес өкіметі өзінің аграрлық саясатын жаулардың бүлдірушілік әрекетімен бүркемелеп, сонымен қатар кедей шаруалар жөнінде қамқорлық жасай отырып жүргізді.

20-жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстанда жер мәселесі қайтадан шиеленісе бастады. Оған себеп кеңестік биліктің жерге отырықшыландыру, егістік және шабындық жерлерді бөлудегі жергілікті халықтың мүддесін есепке алмай, орталық биліктің қолдауына сүйеніп, отарлаудың жаңа кезеңін, жаңа формасын бастауды көздеген саясаты болатын. 1926 жылы 26 ақпанда БОАК 1925 жылы V өлкелік партия конференциясында бекітілген жерге орналастыру туралы шараларын жоққа шығаруды көздеген қаулы

қабылдайды. Орталық билікке арқа сүйеген жергілікті билік жерге орналастыру үдерісін ұлттық негізде емес, таптық негізде жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Осы кезекте қазақ халқының мүддесіне қауіп төнгенін сезінген, отарлаудың жаңа түрінің пайда болғанын білген Ә.Бөкейханов оған жол бермеуді көздейді. Бұл реттегі Ә.Бөкейхановтың жасаған әрекеті қазақтарға қажет жер нормасын анықтау мақсатында жасақталған С.П.Швецов бастаған экспедицияның құрамына енуі болатын. Алайда жергілікті биліктің большевиктік идеологияға жат, «реакциялы алашордалық идеологияның» енуін болдырмау деген желеумен Ә.Бөкейхановтың жұмысына кедергі келтіруге тырысады. Ә.Бөкейханов 1927 жылы одақтық егіншілік комиссариатында С.П.Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы чиновниктерді әшкерелеп, сынға алады. Қазақстанға қоныс аударуды қолдаған Верещагинге жазбасында: «Профессор Верещагин бұрын да қазақтардың жерін тартып әперіп орыс помещиктерінің мүддесін қорғаған еді. Егер ол айтқандай Тула шаруалары шынымен де жерге мұқтаж болса, біз олармен Верещагин сияқтылар арқылы емес, тікелей келіссөз жүргізуді қалаймыз. РСФСР Егіншілік комиссариаты ұсынып отырған жер нормасын қазақтарды қанағаттандыра алмайды, өйткені ол көбірек артық жер шығаруды көздейді. Сондықтан да бұл нормалар болашақта Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуге бағытталған», -деп жазады [2; 38-39 бб.].

20-жылдардың екінші жартысындағы өлкедегі жер мәселесіндегі кеңестік шараларға қатысты айтыс-тартыстарда ұлттық мүддені қорғаған қайраткерлердің бірі – Смағұл Сәдуақасов болды. С.Сәдуақасов 1927 жылы өлкелік партия комитетінің VI конференциясында сөйлеген сөзінде қазақ ауылының, шаруалардың хал-ахуалы жөнінде күрделі де өзекті мәселелерді алға тартады. Атап айтқанда республикадағы егістік-шабындық жерді бөлудегі таптық принциптердің негізге алынуы барысындағы жіберілген қателіктерге тоқталады. «Осы биыл егістік, шабындық жерлерді бөлу науқанын жүргіздік. Бәріміз де қазақта орташалар жоқ деп жүрдік. Егістік, шабындық жерлерді бөлу науқанының нәтижесі мұның дұрыс еместігін көрсетіп отыр», -деп «За партию» журналының 1927 жылғы 3-санындағы Рябокonnéның мақаласына Ақтөбе губерниясындағы жерді бөлу кезіндегі кедейдің ұтып, орташаның ұтылып отырғанын мысал ретінде көрсетеді. Одан әрі Қостанай округіндегі егістік-шабындық жерді бөлудегі таптық принциптің халықтың негізгі бұқарасының мүддесін қанағаттандырмағаны жөнінде: «Тағы да Қостанай округінде жүргізілген бөліс жұмыстарының нәтижесін ашайық. Егістік-шабындық жерлерді бөлу науқанына кірістірілген 24 250 шаруалардың жері жоқ, нағыз жалшылары 1 540, бұл 6 процент, жері аз, мөлшері өзінен артылғандар 10 145-41,6 процент болып отыр. Міне осы сандарға қарағанда егістік-шабындық жерлерді тегістеп бөлеміз деп жүргенде жері орта

мөлшерден артықтардың көбі жерінен айырылып отырғандығы байқалады. Осы сандардан халықтың едәуір бөлігі (бәлкім, негізгі бұқара) орташалар егістік-шабындық жерлерді тегістеп бөлу науқанында ұтылып отырғандығын көруге болады», -деп көрсетеді [5; 202-203 бб.].

Осы конференцияда С.Сәдуақасов байларды тәркілеу науқанына қатысты Ф.Голощекиннің пікіріне қарсы былай дейді: «Енді байларды тақымдау, оларға мықтылық көрсету керек деген мәселеге келейік. Голощекин жолдас «байларға мықтылық көрсету әбден керек, ауыл бұрынғы күйінен өзгерген жоқ, ауылда әлі күнге байлардың, ақсақалдардың үстемдігі жүріп келеді» дейді. Голощекин жолдастың осы сөзін қара басым дұрыс дегім келмейді» [Сонда, 204 б.].

20-жылдардың аяғы 30-жылдардағы елдегі аулы шаруашылығын ұжымдастыру, отырықшыландыру мәселелеріндегі асырасілтеушіліктер әне одан туындаған ашаршылық ақиқатын айтуда Т.Рысқұлов та қалыс қалмады. БК(б)К Орталық Комитетіне, БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің басшысы Л.Мирозянға Қазақстандағы орын алған жағдайлар жөнінде хат жазды. Хатта қоныс аударған қазақтар саны, олардың жағдайы, мал басының кемуі, асырасілтеушіліктер мен көзбояушылықтар, қазақ қожалықтарындағы егіс көлемі, қазақтарды отырықшыландыру және тағы басқа мәселелер көтерілді. Хатта: «Жергілікті жерлерде партияның колхоз құрылысы жөніндегі бірқатар нұсқаулары өрескел бұзылып, сорақы асыра сілтеушіліктерге жол берілуі негізінен мал басының кеміп кетуіне және қазақтардың қоныстарынан аууына әкеліп соқтырды. Мұндай асыра сілтеушіліктерге себеп болған негізгі жайттар: коллективтендіру мен малды қоғамдастыруда жоғары процент қуушылық, жерді бірлесіп өңдеу серіктіктерін жойып, мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарда барлық жерде бірдей артельдер, тіпті коммуналар ұйымдастыруға, шамадан тыс алып колхоздар ұйымдастыруға әуестенушілік, 300-400 шаңырақты зорлықпен бір жерге жинап, қалашық жасау, қазақ колхоздарын орыс колхоздарына күштеп қосу, колхоз-совхоз комбинаттарын құру, қонысынан ауып кеткен бай-манаптардың төлеуге тиісті салығын көбінесе жарлы-жақыбайларға бөліп салу, бірқатар аудандарда революциялық заңдылықтардың жаппай бұзылуы, колхозшылардың тапсырған шикізатына ақы төлемеу, аудандарды жете білмеу, егістіктің көлемі мен малдың санын анықтауда есептен шатасу және соның салдарынан дайындау жоспарларын орындау жөніндегі түсініспеушіліктер т.с.с.», -деп жазды [1; 258 б.]. Қазақтарды отырықшыландыру жөніндегі хаттың толық мәтінін В қосымшасынан оқи аласыздар.

20-жылдардың басында республикадағы жер мәселесін Телжан Шонанұлы да көтерді. Өзінің «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты еңбегінің «Болашақта қазақ жерге қалай

орналасуы керек» деген бөлімінде төңкерістен кейінгі уақыттағы Қазақстандағы жер қатынастары саласындағы кеңестік биліктің заң, қаулыларына, қазақтардың жерге орналасуы, отырықшылыққа көшіру мәселелері қозғалады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі өлкедегі жер-су реформаларының барысын былай талдайды: «Қазақстанда кеңестік Кіндік комитеті өз еркінше тұрғын елдің салтына, тұрмысына, шаруашылығына қарай шешетін мәселенің бірі жер мәселесі болды. 1921 жылы 7 ақпанда Қазақстан Кіндік комитеті Декрет шығарды. 1917 жылға шейін қазақтан кесіп алынса да, қарашекпендер орналастырылмай бос жатқан жерлер еңбекшіл қазақ еліне қайтарылады деді. 1921 жылдың 19 сәуірінде Ертіс пен Ащышеп бойындағы 10 шақырымдық пен Жайық бойындағы ені 10 шақырымдық жерлер еңбекшіл қазақ халқына қайтарылсын деген тағы бір декрет шықты. Сонымен, көп жылдан бері үздіксіз таласа, тармаса, жалдап алып, ол қылып, бұл қылып неше қиындықтармен пайдаланып келе жатқан жерлеріне қазақ елдері қайтадан орналасатын болды» [3; 216-217 бб.].

Т.Шонанұлы өз еңбегінде бұл бөлімді Қазақстанға қоныс аударуды тоқтату, қазақ халқын жерге орналастыру, қазақ жерін зерттеу, егіншілікті дамыту, қазақтарды отырықшылыққа көшіру жөніндегі бірнеше ұсыныстармен аяқтайды. Сырттан қоныстандыруды тоқтату жөнінде: «Қазақстанның іші де сырттан колонизация дегенді ада-жұда жабу керек. Қазақстанды отарлауды тіпті жою керек. Олай болмаса, баяғы жерсіз қазақ жерсіз қала бермекші», -деп жазады [3; 221 б.]. Сондай-ақ қазақ шаруашылығын отырықшылыққа көшіру жөніндегі «бірден мал бағушылардың бәрін орналастыруға келмейді. Оған күш те, жер де жетіспейді. Бір себептермен көшпелілер көше алмай қалса, шексіз қырылады. Соның үшін олар бірте-бірте отырықшылыққа айналғанша, шаруасына жәрдем тигізіп отыру керек. Егінші, көшпелілерді орнықтыруға осы бастан қам қыла беру керек», -деп бір шаруашылықтан екінші бір шаруашылыққа көшуді ақырын байыппен жүргізу қажет деген Ә.Бөкейхановтың пікірін одан әрі қуаттай түседі [3; 223 б.].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ өлкесіндегі жер мәселесінің жағдайы туралы М.Шоқай өз еңбектерінде көтеріп, төңкеріске дейінгі және одан кейінгі уақыттағы Түркістан өлкесіндегі жер мәселесі, оның Ресейдегі жер қатынастарынан айырмашылығын жазады. М.Шоқай Ресейде жер мәселесі таптық мәселе болса, Түркістанда ұлттық мәселе болғандығын, себебі бұл өлкеде халықтың жерге қатысты мәселеде бір-біріне қарама-қарсы топқа бөлінбегенін айта отырып, кеңестік биліктің жер мәселесін тап күресі тұрғысында шешуді және де дәстүрлі шаруашылықты жоюды көздегенін тап басып көрсетеді. Алдымен төңкеріске дейінгі патшалықтың жер саясатына: «Орыс патшаларының үкіметі тақтың пірі саналатын байлардың ғасырлар бойғы «құқын» қорғай отырып, шаруалар бұқарасының өсіп

келе жатқан революциялық рухтағы қимылына қарсы күресті. Өршіп бара жатқан қиындықтан құтылудың амалы басқыншылық, яғни шаруаларды бұрын басып алынған орыс жерінен шеткері өлкелерге, Кавказға, Сібірге, әсіресе Түркістанға көшіру деп табылды. Патша үкіметінің ресми деректеріне қарағанда, тек қазіргі Қазақстан аумағында орыс қоныстанушыларына беруге тартып алынған жер 45 миллион гектар болғанының өзі орыс жерінен шеткері аймақтарда қанша жер тартып алынғанын көрсетуге жеткілікті мысал бола алады. Бұған осы 45 миллион гектар жер алынған өңірдегі бір миллионға жуық орыс қоныстанушыларын қосыңыз, Ресейдегі орыс шаруасы мен Түркістанға көшірілген орыс қоныстанушы шаруаларының арасындағы жағдайдың айырмасы көз алдымызға айқын елестейді. Бұған Түркістанда қоныстанған орыс шаруасы иеленген жерлерінің шынайы қожасы есептелгенін қосыңыз. Осы айла арқылы Ресейде үкіметке дұшпан болып, революциялық қимылға шыққан орыс шаруасы енді осы үкіметтің Түркістандағы тірегіне айналды. Шынында да жұмыс осылай жүргізілді», - деп баға береді [6; 300-301 бб.].

М.Шоқайдың пікірінше Түркістандағы жер мәселесінің Ресейдегіден мынадай айырмашылықтары болған: «Біріншіден, жер түркістандықтарды бір-бірімен қайшы дұшпан топтарға бөлген жоқ. Екіншіден, Түркістандағы жер тапшылығы Ресейдегідей кейбір байлардың айдын шалқар алқаптарды алып отырғандығынан емес, Түркістанда суармалы егіншіліктің түпкілікті тұрғындардың көбеюіне қарай ұлғаймағандығының нәтижесі еді. Үшіншіден, Түркістанда жердің жылдан жылға тарыла түсуі, біріншіден, орыс өкіметінің жерді орыс қоныстанушысына беруге тартып алынуынан, екіншіден, оның жауыздықпен жүргізген сұрқия саясатынан шыққан еді» [Сонда, 302 б.].

М.Шоқайдың кеңестік биліктің жер мәселесін тап күресіне айналдырғаны жөніндегі, ұлттық мүддені, оның ішінде жергілікті халықтың мүддесі ескерілмегені, ұлт зиялылары мен большевиктердің жер мәселесі төңірегіндегі тартыстарының себебі туралы тұжырымдарын мына пікірлерінен көруге болады: «Революциядан кейінгі Түркістандағы жер мәселесінің Ресейдегіден айырмасы осындай еді. Ресейде жер мәселесі әлеуметтік, таптық, саяси мәселе болатын. Ал Түркістанда бұл саяси әрі ұлттық мәселе еді. Ресейдегі революция мұжықтың пайдасын көздейтін. Сондықтан ол байлардың, дін басылары мен патша әулиеті жерлерінің бәрін оған алып бермекші еді. Түркістандағы революция түбінде орыс қоныстанушы мұжығының мүддесіне қарсы келетін. Өйткені ол патша үкіметі орыс қоныстанушы мұжығына тартып алып берген жердің бәрі болмаса да бір бөлігін күндердің күнінде қайтаратынын, өзінің осы кезге дейін пайдаланып келген төтенше құқынан айырылатынын әртүрлі жағдайда айқын аңғаратын. Орыс төңкерісшілдерінің үлкен бір тобы бұл айырманы мүлдем түсінбеді. Екінші тобы мұны түсіне тұрып, мойындамады. Орыс төңкерісшілері мен

біздің арамыздағы жер мәселесі үстінде шыққан кикілжіңнің себебі, міне, осы еді»[Сонда, 302 б.].

М.Шоқай 1931 жылы шілдеде Лондонда болып Орта Азияны қорғау қоғамында «Түркістан және Кеңес режимі» деген баяндама жасайды. Ондағы мақсаты-большевиктердің Түркістандағы екі жүзді саясатын әшкерелеу болатын. Автор төңкерістен кейінгі уақыттағы (1918-1919 жж.) Түркістан өлкесіндегі ашаршылықтың басты себебі үкіметтің отаршыл жер саясаты екендігін былай көрсетеді: «Түркістанда сол жылдары (1918-1919) болған соншама қорқынышты ашаршылықтың не себептері болды деп сұрауыңыз мүмкін. Соғыс алдындағы соңғы жылдары Түркістан әсіресе оның ең құнарлы аймағы-Ферғана,әсіресе жылдамдықпен мақта өсіру егістігіне айналдырыла бастады. Осыған сәйкес астық өсіруге арналған жер көлемі азайтылған. БҰның нәтижесінде Түркістанның Ресейден импортталатын бидайға тәуелділігі пайда болып, бұл тәуелділік жылдан-жылға арта берді. Сонымен 1917 ж, яғни революция кезінде (қазанның 11-іне дейін), Түркістанның импортталатын астықтың қажеттілігі шамамен 33 миллион пұт (1 пұт-36 фунт) деп бағаланған. Басқа жағынан қарайтын болсақ, ауыл шаруашылық мақсаттарына ең қолайлы жерлер байырғы халықтан тартып алынып орыс иммигранттарына берілген»,-деп жазады [7; 19 б.].

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы экономикалық шаралары, жер-су реформаларына қатысты Н.Төреқұлов та өз пікірлерін білдіріп отырды. «Жизнь национальностей» журналының 1923 жылғы санындағы «Түркістан Автономиялық республикасы» атты мақаласында Түркістан өлкесінің төңкеріске дейінгі және одан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін талдайды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы халық шаруашылығының, ел тұрмысының әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерді цифрлық мәліметтер арқылы көрсетеді. Автор кеңес өкіметінің отырықшыландыру саясатын бірден қолданудың қажет емес, халыққа бұл ретте көмек көрсету қажеттігі туралы былай жазады: «Бірақ, кейбір кеңестік мәдениет қайраткерлерінің көкейіне қона кететін отырықшылыққа міндеттеу туралы декреттің қажеттігін құр мақұлдай беруге әлі ерте. Қоғамдық дамудың бір сатысынан екіншісіне қиналмай өту үшін қажетті көмек көрсету Кеңес үкіметінің абыройлы міндетінен саналады» [4; 191-193 б.].

Н.Төреқұлов 20-жылдардың басындағы аграрлық реформаға: «Кеңес үкіметінің жергілікті кедейлерді отырықшыландыруға ықпалы тиген шараларының бірі-1921 жылы негізінен Жетісуда жүргізілген жер реформасы болып табылады. Бұл іс-шараның саяси мәнін ескермеуге мүлдем болмайды. Патша үкіметі мен Уақытта үкіметтен Кеңес үкіметіне мұраға қалған «тарихи әділетсіздікті» түзету үшін 25 000 жергілікті батырақтар қоныс аударып

келген кулактардан тартып алынған жерлерге орнықты. Міне, осылайша жері жоқ немесе тым аз кедейлердің «Қосшы» атты революциялық одақтары құрылды. Бұл шара Кеңес үкіметіне буржуазиялық үкіметтердің ұлы державалық ұлттық кемсіту саясаты мүлдем жат екенін бұрынғы отарлаудың ащы дәмін татқандарға тамаша дәлелдеп берді, экономикалық тұрғыдан да кедей көшпелілердің отырықшылыққа бейімделуіне ықпалы тиді. Ал мал өсіруші ірі байлардың жұртты отырықшыландыруға бүйрегі бұра қоймағанын ескерсек, мұның таптық күрестің белгілі бір факторына айналғаны даусыз. Түркістан Коммунистік Партиясының таяудағы ҮІІІ конференциясында дұрыс аталып өткендей қазіргі кезеңдегі кеңес үкіметінің міндеті жер реформасы жүргізілген аудандардағы жаңа үлгідегі шаруашылықтарды мейілінше нығайту болып табылады», - деп баға береді [4; 193 б.]

20-жылдарда Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде шаруалардың бұқаралық ұйымдары: қосшылар (кедей, жарлы) одағы, шаруалардың бұқаралық өзара көмек комитеттері және оған біріккен ауыл шаруашылық және орман жұмысшыларының одағы біріккен ауылшаруашылық және орман жұмысшыларының одағы маңызды орын алды.

Төңкерістен кейінгі кезеңде қазақ өлкесіндегі жер мәселесіне қатысты пікірлер ашық айтыла бастады. Бұған себеп әміршіл-әкімшіл жүйенің әлі күшіне енбегендігі болатын. Бұл ретте 20-жылдардағы аграрлық мәселені ұлт мүддесі тұрғысында көтерген Т.Рысқұлов, Ә.Бөкейханов, Н.Төрөқұлов, Т.Шонанұлы, С.Сәдуақасов, М.Шоқай сынды қазақ зиялыларының есімдерін атауға болады. Сондай-ақ қазақ жер мәселесіне қатысты тұңғыш ғылыми-зерттеу еңбектері де жарық көре бастады.

Аталмыш авторлар 20-жылдары басталған қазақ өлкесіндегі жер-су реформасы, егістік-шабындық жерлерді қайта бөліс мәселелеріне объективті баға беруге тырысты. Сонымен қатар аграрлық саясаттағы бұрмалаушылықтарға қарсы шығып отырды. Алайда 20-жылдардың аяғында күшіне мінген әміршіл-әкімшіл жүйе көп ұзамай-ақ аграрлық мәселені талдауда тап күресін өрістетуге күш салды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматия (1917-1939 жж.). I том. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. -336 б.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. –Алматы, 1994. -382 б.
3. Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар).-Алматы: Ел-шежіре, 2007. -368 б.
4. Төрөқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. –Алматы: Ел-шежіре, 2007. 1-том. -256 б.

5. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том.-Алматы: Алаш, 2003. -360 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы.-Алматы: Қайнар, Т.2. 1999. -520 б.
7. Мұстафа Шоқай. Түркістан және кеңес режимі. //Қазақ тарихы, №3. 2011. 17-21 бб.

ҒТАМР 03.20

ҚАЗАҚТЫ ҚЫРҒАН “ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫН” ҚАСІРЕТІ

Ж. ОРАМАХ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада КСРО-да және Қазақстанда қуғын-сүргін жылдарындағы жағдай, жазықсыз ұсталған және жазаланған зиялы азаматтар туралы деректер, сонымен қатар қуғын-сүргін көрген актөбеліктер туралы да мәліметтер молынан берілген.

Түйін сөздер: қуғын-сүргін, ату жазасы, «халық жауы», «сатқын», «тыңшы» т.б.

Аннотация. В докладе рассказывается политическое положение в Казахстане в годы репрессии. Проводятся многочисленные примеры аресты обвинив «врагами народа» казахских интеллигентов, простых людей в частности актыбинцев.

Ключевые слова: расстрел, «врага народа», предатель, агент и другие.

Annotation. The report describes the political situation in Kazakhstan during the year of repression. Numerous arrests are being made accusing Kazakh intellectuals, ordinary people including Aktobe residents of being «enemies of the nation»

Key words: repression, fusillade, enemies of the nation, traitor, agent and others.

Қазан революциясына дейінде, кезінде де Ленин мен оның саяси қарсыластары арасында кейінде елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық даму жолдары мен социализмнің ірге тасын нығайту мәселелері жөнінде әртүрлі пікірлер мен айтыс –тартыстардың болғаны тарихтан белгілі. Солай болсада, Ленин саяси қарсыластарын қуғын сүргінге ұшыратқан жоқ, жазалаған да жоқ.

Сталин билікке келген кез, әрине әлеуметтік-экономикалық, саяси дамудың айтарлықтай қиыншылықтары болды. Аграрлы экономикасы жағдайында үкімет құрылымдарын құру, өнеркәсібі дамымаған жағдайда индустриализация саясатын, шаруаларды ұжымдастыру, әлеуметтік-мәдени құбылыстарды іске асыру оңайға түскен жоқ.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің нығая түсуімен байланысты осы шаралардың бастамасы болған «Алаш» партиясы мен үкіметінің жұмыстарына қатысқандарды, сондай-ақ республиканың саяси-әлеуметтік және экономикалық даму мәселелері бойынша өзіндік